Бақылау данасы
Контрольный экземпляр

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтер
БАҒА БЕЛГІЛЕУ ЖӘНЕ СМЕТА БОЙЫНША НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАР

Государственные нормативы в области архитектуры, градостроительства и строительства
НОРМАТИВНЫЕ ДОКУМЕНТЫ ПО ЦЕНООБРАЗОВАНИЮ И СМЕТАМ

ҚҰРЫЛЫС МАТЕРИАЛДАРҒА, БҰЙЫМДАРҒА, КОНСТРУКЦИЯЛАРҒА, ЖАБДЫҚҚА, ЖИҺАЗҒА ЖӘНЕ МҮККӘМАЛҒА АРНАЛҒАН СМЕТАЛЫҚ БАҒАЛАРДЫҢ АНЫҚТАМАЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАМАЛЫҚТАР

МЕТОДИЧЕСКИЕ УКАЗАНИЯ ПО ФОРМИРОВАНИЮ СПРАВОЧНИКА СМЕТНЫХ ЦЕН НА СТРОИТЕЛЬНЫЕ МАТЕРИАЛЫ, ИЗДЕЛИЯ, КОНСТРУКЦИИ, ОБОРУДОВАНИЕ, МЕБЕЛЬ И ИНВЕНТАРЬ

ҚР ҚНБҚ 8.01-04-2022

НДЦС РК 8.01-04-2022

Ресми басылым
Издание официальное

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі
Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті

Комитет по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства
Министерства индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан

Нұр-Сұлтан 2022

Бақылау данасы
Контрольный экземпляр

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтер
БАҒА БЕЛГІЛЕУ ЖӘНЕ СМЕТА БОЙЫНША НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАР

Государственные нормативы в области архитектуры, градостроительства и строительства
НОРМАТИВНЫЕ ДОКУМЕНТЫ ПО ЦЕНООБРАЗОВАНИЮ И СМЕТАМ

ҚҰРЫЛЫС МАТЕРИАЛДАРҒА, БҰЙЫМДАРҒА, КОНСТРУКЦИЯЛАРҒА, ЖАБДЫҚҚА, ЖИҺАЗҒА ЖӘНЕ МҮККӘМАЛҒА АРНАЛҒАН СМЕТАЛЫҚ БАҒАЛАРДЫҢ АНЫҚТАМАЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАМАЛЫҚТАР

МЕТОДИЧЕСКИЕ УКАЗАНИЯ ПО ФОРМИРОВАНИЮ СПРАВОЧНИКА СМЕТНЫХ ЦЕН НА СТРОИТЕЛЬНЫЕ МАТЕРИАЛЫ, ИЗДЕЛИЯ, КОНСТРУКЦИИ, ОБОРУДОВАНИЕ, МЕБЕЛЬ И ИНВЕНТАРЬ

ҚР ҚНБҚ 8.01-04-2022

НДЦС РК 8.01-04-2022

Ресми басылым
Издание официальное

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі
Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті

Комитет по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства
Министерства индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан

Нұр-Сұлтан 2022

Алғы сөз

1 ӘЗІРЛЕГЕН	«ҚазҚСҒЗИ» АҚ
2 ҰСЫНҒАН	Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі (ҚР ИИДМ) Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық (ТКШ) істері комитетінің Құрылыстағы сметалық нормалар басқармасы
3 ҚАБЫЛДАНҒАН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН МЕРЗІМІ	ҚР ИИДМ Құрылыс және ТКШ істері комитетінің 01.03.2022 ж. № 40-НҚ бұйрығымен 01.03.2022 ж. бастап

Осы мемлекеттік нормативті сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті органның ведомствосы рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара қайта басуға, көбейтуге және таратуға болмайды.

Предисловие

1 РАЗРАБОТАН	АО «КазНИИСА»
2 ПРЕДСТАВЛЕН	Управлением сметных норм в строительстве Комитета по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства (ЖКХ) Министерства индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан (МИИР РК)
3 УТВЕРЖДЕН И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ	Приказом Комитета по делам строительства и ЖКХ МИИР РК от 01.03.2022 года № 40-НҚ с 01.03.2022 г.

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения ведомства уполномоченного органа в области архитектуры, градостроительства и строительства.

Кіріспе

Осы әдістемелік нұсқаулар Құрылыс материалдарына, бұйымдарына, конструкцияларына, жабдыққа, жиһазға және мүкәммалға арналған сметалық бағалар анықтамалығын (бұдан әрі – Анықтамалық) қолдану жөніндегі нұсқаулық болып табылады.

Анықтама құрылыстың сметалық құнын анықтау үшін қолданылатын ҚР сметалық-нормативтік базасында жоқ материалдық ресурстардың ағымдағы бағалары туралы бағалық ақпаратпен қамтамасыз ету мақсатында қалыптастырылды.

Құрылыс материалдарына, бұйымдарына, конструкцияларына, жабдыққа, жиһазға және мүкәммалға арналған сметалық бағалар анықтамалығын қалыптастыру жөніндегі әдістемелік нұсқаулар

Жалпы ережелер

Осы Құрылыс материалдарына, бұйымдарына, конструкцияларына, жабдыққа, жиһазға және мүкәммалға сметалық бағаларды есептеу жөніндегі әдістемелік нұсқаулар (бұдан әрі – Әдістемелік нұсқаулар) сметалық-нормативтік базада жоқ құрылыс материалдарына, бұйымдарына, конструкцияларына, жабдыққа, жиһазға және мүкәммалға сметалық бағаларды айқындау бөлігінде құрылыстағы баға белгілеу жөніндегі нормативтік құжаттардың талаптарын дамыту мақсатында әзірленді және құрылыста баға белгілеу саласындағы мамандандырылған ұйымның қолдануына арналған.

Осы Әдістемелік нұсқаулар объектілерді салуға арналған сметалық құжаттаманы жасау кезінде пайдаланылатын құрылыс ресурстарына сметалық бағаларды есептеу тәртібін, смұндағый-ақ осындай ресурстарға сметалық бағалар анықтамалығын қалыптастыру рәсімін белгілейді.

Құрылыс материалдарына, бұйымдарына, конструкцияларына, жабдыққа, жиһазға және мүкәммалға сметалық бағалар анықтамалығын (бұдан әрі – Анықтамалық) қалыптастыру қажеттілігі жалпы Қазақстан Республикасындағы құрылыс саласының сметалық баға белгілеу жүйесінің реформасына негізделген объективті факторлардан, смұндағый-ақ объектілерді салуға арналған жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасын әзірлеудің, келісудің және бекітудің қазіргі заманғы практикасында туындайтын мәселелерді реттейтін жекелеген нормативтік ережелерді ретке келтіру қажеттілігінен туындады. Анықтамалық инвестициялық құрылыс қызметіне қатысушылардың ведомстволық тиістілігіне қарамастан, әртүрлі қаржыландыру көздері кезінде жүзеге асырылатын объектілерді салу кезінде қолданылатын материалдық ресурстардың, жабдықтың, жиһаз бен мүкәммалдың бағасы туралы Анықтамалық ақпаратты қамтитын басылым болып табылады.

Анықтамалық олардың ведомстволық тиесілігіне және меншік нысанына қарамастан, инвестициялық процеске қатысушылардың (жобалау ұйымдары, тапсырыс берушілер, мердігерлер) құрылыстың сметалық құнын айқындау үшін қолданылуы мүмкін. Анықтамалық осы Әдістемелік нұсқауларда келтірілген тәртіп бойынша құрылады.

1. Анықтамалықтың номенклатурасын қалыптастыру

1.1 Анықтамалыққа (бұдан әрі – Номенклатура) енгізілетін құрылыс материалдарының, бұйымдарының, конструкцияларының (бұдан әрі – материалдық ресурстар), жабдықтардың (инженерлік және технологиялық) жиһаздар мен мүкәммалдардың номенклатурасы қолданыстағы сметалық-нормативтік базаның және құрылыс ресурстары жіктеуішінің (бұдан әрі – Жіктеуіш) сметалық бағаларын қалыптастыру үшін белгіленген талаптарға сәйкес қалыптастырылады және өзектендіріледі.

1.2 Қолданыстағы сметалық-нормативтік базаның сметалық бағалар жинағында жоқ материалдық ресурстар мен жабдықтардың анықтамалығына енгізу үшін сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті органның ведомстволық бағынысты кәсіпорнына бағалық және техникалық ақпараты бар тиісті сұрау салу (техникалық сипаттамалары толық сипатталған каталогтар, сәйкестік сертификаттары, тауардың шығу тегі туралы сертификаттар (СТ KZ), сынақ хаттамалары) жіберіледі.

1.3 Анықтамалықтан материалдық ресурстар мен жабдықтарды алып тастау үшін сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті органның ведомстволық бағынысты кәсіпорнына себептерін негіздей отырып хат жіберіледі. Анықтамалықтан ең көп қолданылатын және сұранысқа ие материалдық ресурстар мен жабдықтар сметалық-нормативтік базаға енгізілуі мүмкін.

2. Баға мониторингі

2.1 Анықтамалықтың материалдық ресурстарына, жабдығына, жиһазына және мүкәммалына баға мониторингі Қазақстан Республикасының сметалық-нормативтік базасында жоқ материалдық ресурстар мен жабдықтардың ағымдағы бағалары туралы баға ақпаратымен қамтамасыз ету мақсатында жүргізіледі.

2.2 Анықтамалыққа енгізілетін құрылыс материалдары, инженерлік жабдық және технологиялық жабдық, жиһаз және мүкәммал бағаларының мониторингі ай сайын жүргізіледі.

2.3 Баға мониторингін ұйымдастыру және жүргізу мынадай негізгі кезеңдерден тұрады:

1) ақпараты бойынша бағаларға байқау жүргізілетін өнім берушілердің тізбесін қалыптастыру және өзектендіру;

2) Қазақстан Республикасы бойынша бағалар туралы ақпаратты жинау және өңдеу.

2.4 Өткізу бойынша базалық кәсіпорындар тізбесіне (бұдан әрі – Тізбе) енгізу үшін жеткізушілерді таңдау мынадай қағидаттарды пайдалана отырып жүргізіледі:

1) Тізбеге материалдық ресурстардың, жабдықтардың меншік нысандарына және ұйымдық-құқықтық нысандарына қарамастан, оларды берушілер енгізіледі;

2) Тізбеге енгізілген жеткізушілердің материалдық ресурстарының, жабдықтарының номенклатурасы құрылыс ресурстарының сыныптауышына сәйкес негізгі номенклатураға сәйкес келеді;

3) өтінім берушілер мониторинг барысында жеткізілетін материалдық ресурстардың, жабдықтардың бағасы мен техникалық сипаттамалары туралы анық ақпарат береді;

4) баға ақпараты өнімнің қауіпсіздік талаптарына сәйкестігін растайтын ілеспе құжаттамамен (сәйкестік сертификаты, сәйкестік туралы декларация, техникалық немесе нормативтік құжаттама) қамтамасыз етіледі;

5) материалдық ресурстарды, жабдықтарды өндіруші кәсіпорын (жеткізуші) нарықты өнімнің жеткілікті көлемімен қамтамасыз етудің өндірістік мүмкіндігі бойынша өнімнің бір түрін жеткізушілерден таңдалады.

8 Баға ақпаратын жинау және оны кейін өңдеуге ыңғайлы түрге келтіру баға тізімдері және жеткізушілер бұқаралық ақпарат құралдарында немесе интернет-ресурстарда ұсынатын немесе жариялайтын материалдық ресурстар мен жабдықтардың бағасы туралы басқа қол жетімді ақпарат негізінде жүзеге асырылады.

2.5 Өндірушілердің (жеткізушілердің) бағасы теңгемен көрсетілуі тиіс. Шетелдік өндірушілердің баға ақпараты шетел валютасында пайдаланылған жағдайда баға Қазақстан Республикасы Ұлттық валютасының баға ақпаратын алған күні Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген шетел валюталарына ресми бағамы бойынша теңгемен қайта есептеледі.

2.6 Баға ақпаратын өңдеу келіп түскен ақпаратта бақыланатын оқиғаның белгілерін анықтау және нәтижелерді бұрмалайтын кездейсоқ деректердің есебінен шығару мақсатында жүргізіледі (Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті төрағасының 2020 жылғы 13 наурыздағы № 54-НҚ бұйрығымен бекітілген «Құрылыс ресурстарына және құрылыс үшін жүктерді тасымалдау жөніндегі қызметтерге арналған сметалық бағаларды есептеу» Қазақстан Республикасының құрылыстағы басшылық құжаты 8.01-14-2019 2-бөлімінің 16-тармағына ұқсас).

3. Сметалық бағаларды есептеу

3.1 Ағымдағы деңгейдегі сметалық бағалар материалдық ресурстарға (жабдыққа) құрылыс алаңының франко-объект маңындағы қоймасы айқындалады және белгіленген өлшем бірлігіне құнның мынадай элементтері кіреді:

1) материалдық ресурстардың, қосалқы бөлшектердің (жабдық үшін), ыдыстың, орамның және деректеменің құнын ескере отырып, жабдықтың құнын қамтитын орташа босату бағасы;

2) көлік шығыстары;

3) дайындау – қойма шығыстары;

4) кедендік баждар мен салықтар (қажет болған жағдайда).

3.2 Құрылыстың сметалық құнын айқындау кезінде объект маңындағы қойма ретінде құрылысты ұйымдастыру жобасында көзделген құрылыс қабылданады:

ашық сақтау материалдары үшін – оларды объект (ғимарат, құрылыс) құрылысы аумағында орналастыру үшін пайдаланылатын алаң;

қалған материалдар үшін – осы объект (ғимарат, құрылыс) үшін оларды сақтау қоймасы (қоймалау орны).

3.3 материалдық ресурстардың (жабдықтардың) сметалық бағаларын есептеу мынадай негізгі кезеңдерден тұрады:

1) орташа босату бағасын есептеу (Бор.);

2) тасымалдау шығындарын ескере отырып, сметалық бағаны есептеу;

3.4 сметалық бағаларды есептеу кезекті есеп айырысу кезеңіне (жыл, тоқсан, ай) материалдық ресурстар (жабдықтар) 3.1-формула бойынша жүргізіледі:

$$\text{Бсб} = (\text{Бор} + \text{Кшығ}) \qquad (3.1)$$

мұндағы:

$Б_{сб}$. – сметалық бағасы;

$Б_{ор}$. – орташа сату бағасы;

$К_{шыг}$. – кезекті есеп айырысу кезеңіне материалдық ресурсты (жабдықты) тасымалдау бойынша көлік шығыстары;

3.5 Орташа сату бағасын есептеу әдісін таңдау ақпараттық қамтамасыз ету мүмкіндігіне, жекелеген тауарларды сату шарттарының ерекшелігіне, нарықтардағы қолжетімділікке, бәсекелестік жағдайларына, шикізат бағаларының әсеріне байланысты болады.

3.6 Тізілімге енгізілген базалық кәсіпорындардың құрылыс (өткізу) рыногына шығарылатын және/немесе жеткізілетін материалдық ресурстарының немесе жабдықтарының көлемі болған кезде есептік орташа босату бағасы ($Б_{ор}$) кезекті есеп айырысу кезеңінде 3.2-формула бойынша орташа арифметикалық мөлшерленген шама ретінде айқындалады:

$$\text{Б}_{\text{ор}} = \frac{\sum_{i-1}^{n} \text{Ц}_{\text{П}_i} \times \boldsymbol{v_i}}{\sum_{i-1}^{n} \boldsymbol{v_i}} \times \text{К}_{\text{бос}} \qquad (3.2)$$

мұндағы:

$Б_{ор}$ - кезекті есеп айырысу кезеңіне (жылға) орташа босату бағасы (орташа арифметикалық мөлшерленген);

$Б_{Өi}$ – есеп айырысу кезеңі ішінде і-ші өндірушінің (жеткізушінің) бағасы;

vi – есептік кезең ішінде і-ші өндірушінің (өнім берушінің) өткізу көлемі;

n – материалдық ресурсқа (жабдыққа) баға берген өндірушілердің (өнім берушілердің) саны;

$К_{бос}$ – Анықтамалықтың құрылыс материалдары, бұйымдары, конструкциялары, жабдықтары, жиһаз және мүкәммал номенклатурасына сәйкес материалдық ресурстар (жабдықтар) тобы үшін босату бағасының коэффициенті.

3.7 Қадағаланатын есепті кезең ішінде (жыл, тоқсан) орташа арифметикалық өлшенген босату бағаларын айқындау кезінде осы кезең ішінде материалдық ресурстар (жабдықтар) өткізілген бағалардың барлық мәндері есепке алынады.

3.8 Құрылыс рыногына өндірілетін және/немесе жеткізілетін (өткізілетін) материалдық ресурстардың (жабдықтардың) көлемі туралы мәліметтер болмаған кезде есептік орташа босату бағасы ($Б_{ор}$).) кезекті есеп айырысу кезеңіне (жылына) (3.3) формула бойынша орташа арифметикалық шама ретінде айқындалады.:

$$Б_{ор} = \frac{\sum_{i-1}^{n} Б_{\Theta_i}}{n} \times К_{бос} \qquad (3.3)$$

мұндағы:

$Б_{ор}$. – кезекті есеп айырысу кезеңіне (жылға) орташа босату бағасы (орташа арифметикалық);

$Б_{\Theta_i}$– есеп айырысу кезеңі ішінде I-ші өндірушінің (жеткізушінің) бағасы;

n - материалдық ресурсқа (жабдыққа)баға берген өндірушілердің (өнім берушілердің) саны;

$К_{бос}$ – номенклатураға сәйкес материалдық ресурстар (жабдықтар) тобы үшін босату бағасының коэффициенті.

3.9 Мониторинг процесінде өңірдегі бір ғана жеткізуші-кәсіпорын (өндіруші) бақыланған материалдық ресурстар (жабдықтар) бойынша осындай ресурстарға орташа босату бағалары ($Б_{ор}$) осы жеткізуші-кәсіпорынның (өндірушінің) деректері бойынша қабылданады.

3.10 Көлік шығыстары құрылыс үшін жүктерді тасымалдауға арналған сметалық бағаларды қолдана отырып, өнім берушінің қоймасынан объект маңындағы қоймаға дейінгі орташа қашықтыққа жеткізу құнын есептеу арқылы материалдық ресурстарға (жабдыққа) арналған сметалық бағаларға енгізіледі.

4. Анықтамалық қалыптастыру

4.1 Анықтамалық өз құрамында мынадай құрылымдық элементтерді қамтиды:

1) титул парағы;
2) алғы сөз;
3) мазмұны;
4) сметалық бағалар кестелері.

4.2 Анықтамалықтың кестелік бөлігінде материалдық ресурстардың (жабдықтардың) коды мен атауы, өлшем бірлігі, жүк сыныбы, брутто массасы килограммммен, босату және сметалық бағалары тұтас теңгеге дейін дөңгелектеніп келтіріледі.

Материалдық ресурстарды (жабдықтарды) берушілердің баға ақпараты мынадай ілеспе құжаттар тізбесімен қамтамасыз етіледі:

1) Қол қойылған, мөр басылған және өңірлерге жеткізуді ескере отырып, қолданылу кезеңі көрсетілген прайс-парақ;
2) Сәйкестік сертификаттары, өзекті хаттамалар;
3) Өнімнің техникалық сипаттамалары толық сипатталған каталог;
4) Кәсіпорынның деректемелері және байланыстары.

4.3 Анықтамалықты жаңарту ай сайын жүргізіледі. Ағымдағы айдың 20-күніне дейін қабылданған баға ақпаратын енгізу туралы сұраулар келесі айдың 5-күні Анықтамалықта көрсетіледі.